

"Әлеуметтік көмек көрсету үшін жеке тұлғалардың санаттарын және қажетті құжаттардың тізбесін айқындау туралы" 2012 жылғы 12 шілдедегі № 4/9–V шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2013 жылғы 14 маусымдағы N 12/6-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 шілдеде N 2987 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2014 жылғы 05 желтоқсандағы N 23/3-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 05.12.2014 N 23/3-V шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңының 13–бабының 3–тармағына, "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысының 1–тармағының 14) тармақшасына сәйкес Шемонаиха аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

"Әлеуметтік көмек көрсету үшін жеке тұлғалардың санаттарын және қажетті құжаттардың тізбесін айқындау туралы" 2012 жылғы 12 шілдедегі № 4/9–V шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2633 тіркелген, "Уба-Информ" газетінде 2012 жылғы 17 тамыздағы № 33 - санында жарияланды) келесі өзгеріс енгізілсін:

2–тармақтағы 4) тармақшасы алынып тасталсын.

Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,	Ә. Баяндинов
Шемонаиха аудандық	
мәслихатының хатшысы	

